

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# ХАБАРЛАРДЫ ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Серия  
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

6.2003



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ  
СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ  
6 (142)

ҚАРАША – ЖЕЛТОҚСАН 2003  
НОЯБРЬ – ДЕКАБРЬ 2003

1974 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАН БЕРІ ШЫҒАДЫ  
БІР ЖЫЛДА 6 РЕТ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1974 ГОДА  
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

АЛМАТЫ

“Ғылым” ғылыми баспа орталығы

КАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

очень долго, так как мифология и мифологическое мировосприятие не исчезает полностью и мифологические представления составляют основную и фундаментальную часть религиозного сознания и является также составной частью мировосприятия современного человека.

## ЛИТЕРАТУРА

1. *Потебня А.А.* Эстетика и поэтика. — М., 1976.
2. *Керимбаев Е.А.* Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. — Алматы, 1995.
3. *Топоров В.Н.* Первобытные представления о мире (общий взгляд) // Очерки и истории естественнонаучных знаний в древности. — М.: Наука, 1982.
4. *Мечковская Н.Б.* Язык и религия. — М., 1998.
5. *Суперанская А.В.* Имя и эпоха (к постановке проблемы) // Историческая ономастика. — М., 1977. С.7-26
6. *Валиханов Ч.Ч.* Избранные произведения / Под. ред. акад. АН КазССР А.Х.-Маргулана. — Алма-Ата, 1958. Т.1.
7. *Джанузаков Т.* Очерк казахской ономастики. — Алма-Ата, 1982.
8. *Керимбаев Е.А.* Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен. Автореф. дисс. докт. филол. наук. — Алматы, 1992.
9. *Керимбаев Е.А., Жумашев О.Ж.* Отражение культа гор в оронимии Казахстана // Актуальные проблемы языкознания. — Шымкент, 1998. С.87-90.
10. *Қайдар Ә.* Этнолингвистика // Білім және е"бек. 1958, N10.

ҚР ҰҒА-ның Хабарлары

Тіл, әдебиет сериясы. 2003. № 6

Г.К.КАРБОЗОВА

### ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТЕҢЕУЛЕРДІ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ

Фразеологияда салғастырмалы зерттеу жалпы фразеология теориясын байыта түсетіні анық, ол аударма теориясын жасау, тілді оқыту әдістемесін әзірлеуге көмектеседі. Мәселен, ФБ-ді лексика-семантикалық және құрылымдық деңгейде синхронды-салғастырмалы зерттеу идиомалық, қабылдау және ФБ-дің мағынасының әлсіреуі ұғымдарын түсінуге жәрдем етеді. Ана тілінде бәрі де қарапайым, өзінен-өзі түсінікті деп санайтын көптеген лингвистер, екінші тілмен салғастыру арқылы бір ойды білдіруде тілдің түрлі құралдары бар екенін танып білуге ықпал ететініне көз жеткізеді. Бір тілдің зерттеу нәтижелерін келесі тілге тікелей ауыстыра салуға болмайтындықтан, әрбір тілдің фразеологиялық қоры арнайы зерттеуді және басқа тілдермен салғастыруды талап етеді.

Фразеологизмдерді салғастырмалы зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар, ол нысанның қасиеттеріне басқа тілдік бірліктерден бөлініп тұратын фразеологизмдердің категориялды белгілерімен байланысты болады.

А.Д. Райхштейн [1] ізімен біздер фразеологизмдерді тілдік құрылымы (формалық-мағыналық), тұрақтылығы (идиомалық) жағынан қарапайым сөз кешендерінен ерекшеленіп тұратын екінші жасалым бірліктері ретінде ұғынамыз. А.Д. Райхштейн бұл туралы былай дейді: “по своей формальной структуре ФЕ – словесные комплексы (словосочетание и предложение). Функционально-семантические ФЕ соотносятся со словесными комплексами или со словами. Сверхсловный раздельнооформленный характер ФЕ означает, что в составе фразеологизма всегда имеются лексические компоненты (соотносящиеся, как правило с самостоятельными лексемами), а также формально-синтаксическая схема (соотносящиеся, как правило, с определенными синтаксическими моделями переменных словесных комплексов). Кроме того, ФЕ всегда имеют функционально-синтаксическую характеристику и соответствующие морфологические признаки” [1,14]. Жоғарыда айтылғаннан ұғатынымыз, фразеологиялық жүйе тілдің басқа деңгейлері құрамында орнығады және солардан құралады. Сөйтіп, әрбір тілдің фразеологиясында оның барлық лексикалық, грамматикалық және фонетикалық деңгейлерінің ерекшеліктері белгілі бір дәрежеде бейнеленеді. Мұның өзі белгілі бір шамада түрлі тілдердің фразеологиялық жүйесінің ерекшелігін анықтайды. Сондықтан салғастырмалы фразеологиялық талдаудың ең басты ерекшелігі алғашқы жүйелердің мәліметтерін есепке алу қажеттілігінен, сондай-ақ олардың фразеологияда пайда болу ерекшелігінен құралады. Мәселен, етістіктің түр категориясы орыс тілі мен орыс фразеологиясында берілген. Артикльдер жүйесінде берілетін зат есімнің белгілілік-белгісіздік категориясы неміс тілі мен фразеологиясында болғанымен, орыс және қазақ тілдері мен фразеологиясында кездеспейді. Сын есімдерді жіктеу категориясы неміс тілі мен оның фразеологиясында бар да, орыс тілі мен қазақ тілі және олардың фразеологиясында кездеспейді.

Құрылымы әр түрлі туыс емес тілдерді, соның ішінде неміс тілі мен қазақ тілін салғастырудың өзіндік ерекшеліктерінің бірі нақты тілдер деңгейінде олардың тіларалық қатынастары салғастырылушы бірліктердің материалдық ұқсастығына сүйенбейді. “Ұқсастықтың қатаң ұғымы салғастырылушы тілдік фактілерге қолдануға жарамауы да мүмкін, олардың әрқайсысы өз тілдік жүйесінде өзіндік орын мен ерекше мағынаға ие, ол фактілер басқа тілдік жүйеде өзгеріссіз қайталанбайды. Әңгіме абсолютті емес, қатысымды ұқсастық туралы” [1,17]. Сондықтан жеке, кішігірім айырмашылықтарды ескермеуге болады және салғастыру кезінде құрылымы әр түрлі тілдердің фразеологизмдерінің талдау деңгейіне қарай нысандардың сапалық және сандық қасиеттеріне қатысты үлкен, елеулі айырмашылықтарына мән беру қажет.

Неміс және қазақ салғастырмалы фразеологиясындағы алғашқы зерттеу М.Х. Әбілғалиеваның қазақ және неміс тілдерінің соматикалық фразеологизмдерін салғастырмалы талдауға арналған диссертациялық жұмысы [2]. Мұнда олардың аса маңызды ұқсастықтары мен айырмашылықтары формалық және семантикалық ерекшеліктері негізінде анықталған. Сондай-ақ зерттелінуші тілдердегі фразеологизмдердің негізгі жолдарының ерекше қасиеттері айқындалады. Фразеологизмдердің соматикалық трансформациясының негізгі тәсілдері, олардың жасалуы мен қызметі тәсілдері әмбебаптық (универсалиялық) белгіні көрсетеді. СФ-дің мағыналық, бейнелілік

және грамматикалық құрылымындағы кейбір айырмашылықтар әлеуметтік, экстралингвистік факторлардан білінеді. Яғни тарихи дамудың түрлі жолдары, түрлі табиғи жағдайлар, мәдениет және халықтың салт-дәстүрі, сондай-ақ тілдік және мәдени байланыстардың болмауы әсер етеді [2, 130-134].

Ұқсас және құрылымы әр түрлі тілдерге салғастырмалы талдау жасау, жалпы және салғастырмалы фразеологиядағы жетістіктер қазақ тілі фразеологиясы мәселелерін шешуге ұйытқы болып табылады.

Соңғы жылдары “Этнолингвистический аспект изучения фразеологии”, “Фразеологическая активность компонентов-прилагательных немецкого и казахского языков” және т.б. осы сияқты неміс және қазақ тілдері фразеологизмдерін салғастырмалы зерттеуге арналған бірнеше қызықты еңбектер шықты.

Осы бағыттағы Э.Т. Мукушеваның «Национально-специфические элементы семантики фразеологизмов современного немецкого и казахского языков» [3] диссертациялық зерттеуінде фразеологизмдердің семантикалық құрылымының ұлттық элементтеріне жан-жақты талдау жасалады. Бұл лингвоелтану көзқарасы тұрғысынан салғастырумен талдау әдісі арқылы неміс және қазақ тілі фразеологизмдерін зерттеген алғашқы жұмыс болып табылады.

Бұл салғастырмалы зерттеу авторға формалық және семантикалық ерекшеліктері тұрғысында аса мәнді ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындауға мүмкіндік берді. Осы тілдердегі фразеологизмдердің ұлттық - мәдени ерекшелігі белгіленді.

Бұл жұмыс теориялық және практикалық құндылыққа ие, өйткені онда елтану фразеологиясына байланысты жалпы мәселелер бойынша теориялық зерттеулерге талдау жасалады. “Ұлттық-мәдени компонент” ұғымына анықтама беріледі. Мәдениетті танытатын фразеологизмдердің бар-жоғы белгіленеді. Бұл алдағы уақытта туыс және туыс емес тілдердің фразеологизмдерін зерттеуге зор көмек береді.

Неміс және қазақ тілдерінің фразеологиялық жүйесіне салғастырмалы талдау жасауға М.Т. Сабитованың “Основы немецкой и казахской сопоставительной фразеологии” атты монографиясы да арналған [4]. Бұл еңбекте автор құрылымы әр түрлі тілдердің салғастырмалы фразеологиясы мәселелерін шешудің жолын көрсетеді. Зерттеу екі тілді синхронды-салғастырмалы түрде қатар сипаттауға бағытталған. Жан-жақты сипаттау негізі ретінде лингвистикалық, әсіресе, фразеологиялық теория ұғымдары қызмет атқарады. Жұмыста фразеологиялық бірліктердің тіларалық қатысымы, бейнелілік мағынаның қалыптасуы, фразажасалымдық үлгілер, неміс және қазақ тілдері фразеологиясының лексикалық, құрылымдық-синтаксистік аспектілері сияқты үлкен мәселелер қарастырылған. Сондай-ақ осы тілдердегі фразеологияны зерттеудің лингвоелтану, этнолингвистикалық аспектілері әңгімеленеді. Бұл зерттеуде М.Т. Сабитова неміс және қазақ фразеологизмдерінің жүйелі құрылымдық салғастырылуының алғашқы тәжірибесін көрсетеді. Автордың жүргізген талдауы нәтижесіндегі құрылымы әр түрлі тілдердің фразеологиялық жүйесіне жасаған талдау әдістері мен тәсілдерін басқа да туыс және туыс емес тілдердің фразеологиялық жүйесін зерттеуде қолдануға болады.

Әр халықтың өмір тәжірибесі, көркем ой, ақылынан хабар беретін, тәрбиелік, даналық мәндегі нақыл сөздері, қанатты сөздері, мақал-мәтелдері болады. Зерттеуші К. Шакированың «Неміс және қазақ тілдеріндегі қанатты

сөздер» [5] атты диссертациялық еңбегі халықтың осы ой байлығын, тіл байлығын талдап зерттеуге арналған зерттеу нысаны болып отырған екі тілде де қанатты сөздер (даналық) жеткілікті. Олар: нақыл сөздер, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, афоризм сияқты терминдермен аталып, бірінің орнына бірі қолданылып жүр, автор алдымен олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігін көрсетіп, қанатты сөздердің авторы және тарихи дерегі белгілі болатындығын негізге алады. Неміс және қазақ тілінің қанатты сөздері құрылымына қарай: есімді, етістікті сөз тіркесі түрінде, сөйлем және жеке сөз түрінде кездесетінін анықтап, оларды модельдеу үлгісімен талдайды, олардың поэзиялық, прозалық түрде келетінін көрсетіп, мағынасына қарай топтап, мағыналық топтарының салғастырмалы кестесін жасайды. Екі тілде кей мағыналық топтардың сәйкес келуі немесе сәйкесуін автор әр халықтың даму тарихы мен өмір сүру ерекшелігінен, діни наным-сенімінен, шаруашылығы, өдет-ғұрып, ділінен іздейді. Қанатты сөздер әр халықтың тарихын, ұлттық байлығын, рухани деңгейін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, К.Шакирова-ның аталған еңбегі неміс және қазақ тілдерін салғастыра зерттеуге қосылған қомақты үлес болып табылады.

Р.Смағұлованың «Неміс және қазақ тілдеріндегі құрамында жан-жануарлар атаулары бар фразеологизмдері» атты диссертациялық зерттеуі салыстырмалы-салғастырмалы фразеология саласындағы ауқымды еңбек [6]. Автор мұнда неміс және қазақ тілдерінің 3000-нан аса фразеологизмдеріне талдау жасап, олардың өнімді құрылымдық-грамматикалық үлгілерін, номинативті-ономасиологиялық табиғатын, фразажасам үлгілерін анықтайды, фразеологизмдердің аудармадағы мәселелеріне тоқталады. Екі тілде де тіркес түріндегі ҚЖЖФ-нің етістік, үстеу және сын есім, зат есім мағыналы болып келетінін, жан-жануар атауларынан жасалған фразеологизмдердің номинативті-ономасиологиялық табиғатына ортақтық тән екендігін, екі тілде де бұл фразеологизмдер «Адам» семантикалық тақырыбына кіріп, олардың: 1) мінез-құлқы; 2) көңіл күйі; 3) адамның күш-қайраты, дене бітімі; 4) адамның тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру ортасы; 5) адамның іс-әрекеті; 6) адамның өзін қоршаған ортамен қатысы сияқты мағыналық топтарда кездесетінін анықтайды. Құрылымы әр түрлі тілдердегі фразеологиялық теңеулерді салғастыра зерттеу өзекті мәселе болып табылады, өйткені әрбір теңеу бізді қоршаған шындық өмірдің фактілерін беру құралы болып саналады, ал образ айырмашылығы әр халықтың жүрген жолының айырмашылығын, ұлттық ерекшелігін көрсетеді.

Теңеу: *to blush as a black dog* - сөзбе сөз. қара иттей қызару

*to fight like Kilkenny cats* - сөзбе сөз. Килкендік мысықтар сияқты өмір үшін айқасу.

Ағылшын тілінен келтірілген бұл фразеологиялық теңеулер ескі аңыздар мен әфсаналар, анекдоттар мен мысалдардың түсініксіз жақтарын бейнелейді. Осы сияқты көрініс мына теңеулерде де бар: *предсказал, как в воду смотрел* (сенім) - орыс фразеологизмі, *dick wie ein Bierfass* - сыра бөшкесі сияқты семіз - неміс фразеологизмі, *бес биенің сабасындай* - қазақ фразеологизмі.

Фразеологиялық теңеулерді салғастырмалы зерттеуге арналған еңбектер саны көп емес. Фразеологиялық теңеулерге қатысты салғастырмалы зерттеудің бірқатар принциптерін Р.А. Глазырин белгіледі [7]. Салғастырмалы зерттеу

де неғұрлым нақты объективтілікке жету үшін нысанға үш тіл материалынан артық алудың қажеті жоқ, оның бірі негізгі тіл болуы керек. Автордың пікірі бойынша, салғастырмалы талдау үшін нысанға алынған тіл материалдары алдымен сипаттама түрінде таңданып, салыстырмалы лингвистика көлемінде қарастырылуы керек.

Салғастыра зерттеуде сөздердің парадигмалық байланыстарымен қатар синонимдік, антонимдік, сөзжасамдық, синтагмалық, грамматикалық және валенттілік байланыстарын да есепке алу керек, өйткені фразеологияда тіл жүйесінде түрлі қатынастарда болатын бірліктер түйісіп жатады.

Салғастырмалы талдау кейбір теориялық мәселелермен міндетті байланысты ұсынады, атап айтқанда: “семантикалық өріс” мәселесі, аударма аспектісі, варианттылық және инварианттылық мәселесі. Мұнда тіларалық заңдар күшіне енеді және инвариантты бөлуге арналған белгілер (критерийлер) аталады.

Салыстыр : нем. *wie auf Kohlen sitzen* – *жанып тұрған көмірде отырғандай*;

ағылшын. *to sit like a cat on hot bricks* – *жанып тұрған көмірде отырған мысықтай*;

қаз. *найза үстінде отырғандай*

орыс. *сидеть как на иголках* және т.б.

Р.А. Глазырин салғастырмалы талдауға неміс, ағылшын және швед тілдеріндегі етістікті фразеологиялық теңеулерін алады, олардың грамматикалық және семантикалық құрылымындағы ерекше және ұқсас [7] белгілерін анықтайды. Салғастыру тұрғысынан алғанда фразеологиялық теңеулердің негізгі айырмашылықтары мынадай бірліктерге бөлінеді:

а) абсолютті ұқсас бірліктер (АҰБ), эквиваленттер, яғни лексикалық құрамы, теңеу бейнесі сәйкес келетін бірліктер:

неміс: *stumm wie ein Fisch* = орыс. *нем как рыба* = ағылшын. *as mute as a fish*.

ә) семантикалық жақындығы әр түрлі сатыдағы семантикалық ұқсас бірліктер (СҰБ):

неміс: *veränderlich wie Aprilwetter* (*сәуірдегі ауа райындай өзгермелі*)

ағылшын: *change like a weathercock* (*флюгель сияқты өзгермелі*).

Ал швед тілінде “жел” сөзі теңеу бейнесі ретінде қолданылады. Келтірілген мысалдар теңеу бейнесі айырмашылығының басқа тең тілдік жағдайлардағы аналогтары болып табылады. Зерттеліп отырған тілдердің компаративті фразеологизмдерінің көпшілігі жалпы адамдық тәжірибені негізге алады, сондықтан олардың мағынасы өткенге тереңдемей-ақ түсінікті болады.

Салғастырмалы зерттеудің негізгі міндеті нақты тілдік материал арқылы салыстырылушы микрожүйелердің жалпы және ерекше қасиеттерін айқындау. «Эта градация осуществляется на основании анализа второго компонента компаративных фразеологизмов, то есть самой сравнительной группы. В межъязыковых отношениях различия в составе первых компонентов учитываются в пределах вариантности, но на градацию семантически тождественных единиц они влияния не оказывают» [7, 197]. Бірақ семантикалық тірек сөз семантикасының сәйкес келу жағдайында жеке компоненттер құрылымында айырмашылықтар белең алады. Бұл жағдайда автор оларды фразеологиялық теңеулер тобының кіші бөлігі ретінде анықтайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша, берілген зерттеудің әдіс-тәсілдері қазақ және неміс тілдері сияқты туыс емес тілдердің фразеологиялық теңеулерін салғастыра зерттеуде қолданылуы мүмкін. Осы еңбекке талдау жасау бұл мәселенің салғастырмалы лингвистикада аз зерттелгенін және бірлі-жарым ғана еңбектер жарияланғанын көрсетіп отыр. Мәселен, етістікті фразеологиялық теңеулер немесе адъективті фразеологиялық теңеулер және т.б. Кейбір еңбектерде оларды суреттеу салғастырылушы тілдердің фразеологиялық теңеулерінің сәйкестігі мен сәйкес еместігі шеңберінде ғана берілген.

Мәселен неміс және орыс тілдерінің фразеологиялық теңеулері елеулі айырмашылықтарымен қоса, бірқатар ұқсастықтарға да ие. И.И. Чернышевтың [8] пікірінше, табиғат құбылыстары, өсімдіктер әлемі негізінде жасалатын фразеологиялық теңеулердің екі тілде толық ұқсастық табуы тіл иелерінің аталған ұғымдарды қабылдауындағы ортақтыққа байланысты.

Мәселен: *Er stand wie vom Donner geruhrt* –

(Найзағай оты тигендей тұрып қалды)

*Wie der Blick aus heiterem Himmel* –

(Ашық аспан ортасындағы найзағайдай)

Бірақ неміс тілінің фразеологиялық теңеулерінің негізгі тобын орыс тілінің осындай бірліктерінен айырмашылығы бар бірліктері құрайды. Автор сәйкессіздіктердің мынадай түрлерін бөліп көрсетеді:

а) жақын, бірақ ұқсастығы жоқ бейнелер негізіндегі теңеулер. Әдетте тақырыптық бір топтағы сөздер:

*durr wie eine Spindel* (сөзбе-сөз: ұршықтай жіңішке)

худой как щепка.

ә) сәйкессіздік теңеуде белгілі бір қосымша элементтердің болуынан да пайда болады. Ол тілдердің біреуіне тән дәстүрлі ерекшелік болуы тиіс:

нем.: *wie die Pilze (aus der Erde)* (жерден)

(сөзбе-сөз: жерден шыққан саңырауқұлақтай)

орыс: *расти как грибы (после дождя)*.

“жерден” – мекен пысықтауыш, “после дождя” – мезгіл пысықтауыш;

б) салғастырылушы тілдерде теңеулер басқаша бейнеде құрылады немесе нақты бір салт-дәстүр сияқты оқиғамен байланысты жағдайлар, құбылыстар негізінде болады:

*geizig wie ein Hamster* – атжалмандай сараң, ал орыс тілінде атжалман секілді болбыр, епсіз, жалқау (*вялый, неповоротливый, ленивый как хомяк*).

*Wie ein Regenschirm gespannt sein*, – сөзбе сөз: қолшатырдай керілген, яғни қызырудан оттай жану мағынасында.

Соңғы жылдары қазақ тілі фразеологиялық құрамын басқа шет тілдерімен мәселен неміс, ағылшын, француз тілдерімен салғастыру белсенді түрде жүргізілуде, бірақ қазақ, неміс, ағылшын және француз тілдерінің фразеологиялық теңеулерін салғастыра зерттеу осы күнге дейін арнайы зерттеу нысаны болған жоқ.

Таным әдісі ретіндегі теңеу объективті шындық заттары мен құбылыстары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар қатынасының эвристикалық құралы қызметін атқарады. Теңеу нәтижесінде жаңа мағына пайда болады, оның құндылығы салыстырылушы нысанның басқа нысанға қатысы арқылы анықталады.

Шындықты танудың логикалық тәсілі ретінде теңеу аса маңызды және мазмұнды тілдік құбылыс. Логикалық және тілдік теңеудің органикалық тұтастығынан ойлау мен тілдің диалектикалық бірлігі көрінеді.

Фразеологиялық теңеулер кез келген тілдің фразеологиялық қорының маңызды бөлімін құрайды. Фразеологиялық теңеулерде теңеу компоненті — бейне иесі субъектіге тиісті сапа мен белгінің эталоны ретінде сипатталады. Соның нәтижесінде бұл компонент және онымен бірге сөз тіркестері жалпылама мәнге ие болады. Фразеологиялық теңеулер — тұрақты және айтылым сөз тіркестері, фразеологиялық сипаты бар дәстүрлі теңеуге негізделген. Фразеологиялық теңеулер фразеологизмдердің басқа топтарынан өзінің фразеологиялық құрылымымен, компаративті мағынасымен, өзіндік стилистикалық қызметімен ерекшеленеді.

Түрлі тілдердің фразеологиялық теңеулеріне салғастырмалы талдау жаңа саудың теориялық және практикалық тұрғыдан мәні зор. Ол сол тілдік жүйенің заңдылықтары мен ерекшеліктерін ұғынуға, теңеу мәнін терең түсінуге, тілдің өзіндік қайталанбас ерекшелігін бейнелеуге мүмкіндік береді. Алайда, неміс және қазақ тілдерінің фразеологиялық теңеулерін салғастыру осы күнге дейін ғылыми зерттеудің арнайы нысаны болмаған.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Райхштейн А.Д. Немецкие устойчивые фразы. Л.: Просвещение, 1971. С.184.
2. Абилгалиева М.Х. Сопоставительный анализ соматической фразеологии казахского и немецкого языков. Дис. ... канд. — Алматы, 1992. 157 с.
3. Мукушева Э.Г. Национально-специфические элементы семантики фразеологизмов современного немецкого и казахского языков: Дис. ... канд. филол. наук. Алматы, 1998. 146 с.
4. Сабитова М.Т. Основы немецкой и казахской сопоставительной фразеологии. Алматы, 1999. 183 с.
5. Шакирова К. Неміс және қазақ тіліндегі қанатты сөздер: Канд.дисс.автор. реф... Алматы, 1999.
6. Смағұлова Р.Қ. Неміс және қазақ тілдеріндегі құрамында жан-жануар атауы бар фразеологизмдер. Канд.дисс.автор. реф... Алматы, 2002.
7. Глазырин Р.А. Сопоставительный анализ компаративных фразеологических единиц в современных германских языках (на материале немецкого и английского языков): Автор. реф. канд. дисс... М., 1972. 225 с.
8. Чернышева И.И. Фразеология современного немецкого языка. М., 1970. 168 с.

ҚР ҰҒА-ның Хабарлары.

Тіл, әдебиет сериясы. 2003. № 6.

Д.Ж. АХМЕДЖАНОВА

#### ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ АУДАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ

(У. Теккерейдің «Күйкі тірліктің жәрмеңкесі» шығармасы негізінде)

Әрбір ұлт тілдеріндегі түпнұсқа шығармаларды екінші бір тілге тәржімалауда кездесетін ең қиын мәселе көркем әдебиет тіліндегі бейнелі